



МҰРАТ ҚАЗАЛЫ

№54
(2432)
Сенбі
18 шілде
2026 жыл
Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУ ҚОРТЫНДЫЛАРЫ ҚАРАЛДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте 2026 жылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қортындылары қаралды.

Мәжіліске аудан әкімі Алмасбек Есмаханов селекторлық режим арқылы қатысты.

Одан кейін аудан басшысының төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланып, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берілді.

Аудан басшысы мәжілісті бастамас бұрын Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес, 2026 жылдың 12 шілдесі күні өткен «Бозкөл» ауылдық округі әкімінің сайлауында халықтың басым дауысына ие болып, қайта сайланған Бөлебай Ақылбек Бекқожаұлын аудан активіне таныстырды. Ауыл әкімін құттықтап, ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу,

халықтың әл-ауқатын арттыру, қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау, сондай-ақ, «Таза Қазақстан» бағдарламасы мен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыруды тапсырды.

Биылғы жылдың 6 айының қорытындысымен ауданда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасып, экономикалық өсім қамтамасыз етілді. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 130,2 пайызға, өңдеуші өнеркәсіп 134,6 пайызға, бөлшек сауда айналымы 100,3 пайызға, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 105,3 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестициялар 104,6 пайызға, құрылыс жұмыстары 119,2 пайызға орындалып, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 101,4 пайызды құрады.

Жиында аудан әкімі экономикалық өсім қарқынын төмендетпей, әрбір макроэкономикалық көрсеткіштің орындалуын тұрақты бақылауда ұстап, қаржының уақытылы әрі тиімді игерілуін қамтамасыз етуді тап-

сырды. Сонымен қатар, орында-лу қаупі бар көрсеткіштерге апта сайын талдау жүргізіп, нақты шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті.

Мәжілісте жұмыспен қамту және әлеуметтік төлемдердің орындалу барысы жан-жақты сараланды. Жұмыспен қамтудың өңірлік жол картасы, «10 мың тұрғынға – 100 жаңа жұмыс орны» бастамасы, жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары және «Күміс жас» жобасы бойынша бірқатар көрсеткіштердің төмен орындалуы сынға алынды.

Осыған байланысты аудан әкімі жауапты бөлімдер мен қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне халықты мемлекеттік бағдарламалар туралы кеңінен ақпараттандыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды, жоспарлы көрсеткіштердің толық орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен бірге, атаулы әлеуметтік көмек көрсету және мүгедектігі бар азаматтарды оңалту бағытындағы жұмыстардың заң талаптарына сәйкес сапалы ұйымдастырылуы қажеттігін ерекше атап өтті.

Күн тәртібінде елді мекендерді абаттандыру және стихиялық қоқыс орындарын жою мәселесі де қаралды. Аудан басшысы бұған дейін берілген тапсырмалардың толық орындалмағанын айтып, анықталған кемшіліктерді қысқа мерзімде жоюды міндеттеді.

Сондай-ақ, қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне аудандық полиция бөлімімен бірлесіп, «Таза Қазақстан» бағдарламасы мен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын және рейдтік іс-шараларды тұрақты ұйымдастыруды тапсырды. Абаттандыру қағидаларын бұзған азаматтарға заң талаптарына сәйкес тиісті шаралар қабылдау қажеттігін ескертті.

Мәжіліс қортындысында аудан әкімі берілген барлық тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы тұрақты бақылауда болатынын айтып, жауапты басшыларға нақты міндеттер жүктеді.

КӨПҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ АУЛАСЫН АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНДЫ



Өткен жылдың қазан айында аудан әкімі Алмасбек Есмаханов Әйтеке би кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлердің жай-күйімен танысу барысында тұрғындармен кездескен болатын. Сол кезде В.Счастнов, Желтоқсан көшелерінің

бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің тұрғындары аулаларға автотұрақ пен жаяу жүргіншілер жолын салу мәселесін көтеріп, жаңбырлы күндері көліктің кіріп-шығуы мен тұрғындардың жүріп-тұруы қиындайтынын айтып, осы мәселені шешіп беруді

сұраған еді.

Тұрғындардың өтініші ескеріліп, биыл облыс әкімі Мұрат Ергешбаевтың қолдауымен аудандық бюджет есебінен 47 миллион теңге қаржы бөлінді. Нәтижесінде наурыз айында Желтоқсан, В.Счастнов көшелерінің бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын абаттандыру, автотұрақтар мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу жұмыстары қолға алынды.

Бүгінде мердігер мекеме «Энергия Строй Монтаж» ЖШС аулаларға асфальт төсеу жұмыстарын қарқынды жүргізуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов нысан басына барып, атқарылып жатқан жұмыстардың барысы мен сапасын бақылап көрді.

Аудан басшысы мердігер мекеме өкілдеріне

тұрғындардың сұранысына сай қолға алынған жобаны сапалы әрі белгіленген мерзімде аяқтауды қатаң тапсырды.

Көп жылдан бері шешімін күткен мәселенің жүзеге асып жатқанына тұрғындар ризашылықтарын білдіріп, аудан басшысы мен құрылыс жұмыстарымен айналысып жатқан азаматтарға алғыстарын жеткізді.

Аудан әкімі инфрақұрылымды дамыту – халықтың өмір сүру сапасын арттырудың негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті. Сондай-ақ, аудан орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларын кезең-кезеңімен жаңғырту және абаттандыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

«ҚЫЛМЫССЫЗ ӨҢІР – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕК КЕПІЛІ» АТТЫ КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС



«Руханият» орталығында аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясындағы «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасына арналған кеңейтілген мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан прокурорының орынбасары Биқожа Жұмаш, аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Ибраев, құқық қорғау органдарының өкілдері, дербес бөлімдер мен мекемелер, кәсіпорындарының басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері, аудан кәсіпкерлері қатысты.

Жиында аудан әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң үстемдігін нығайту және құқық бұзушылықтың алдын алу – мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін атап өтіп, «Қылмыссыз өңір – ке-

мел келешек кепілі» жобасы құқық қорғау органдарының ғана емес, барлық мемлекеттік мекемелердің, жергілікті атқарушы органдардың, білім беру ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігін көздейтін маңызды бастама екенін жеткізді.

Мәжілісте Мемлекет басшысының «Заң бәріне ортақ, тәртіп бәріне міндет» қағидатының мәні, жаңа Конституцияның елдегі заң үстемдігін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі маңызы ерекше екені айтылып, аудан аумағындағы криминогендік ахуал жан-жақты талқыланды.

Бүгінде аудан көлеміндегі қылмыстылық деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,9 пайызға

төмендеген. Дегенмен, тіркелген құқық бұзушылықтардың бірқатары алкогольдік ішімдікке байланысты жасалғандықтан, бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Осыған байланысты аудан басшысы «Ішімдіксіз ауыл» жобасының жүзеге асырылу барысына кеңінен тоқталып, бүгінде ауданның 42 елді мекенінен Ү.Түктібаев ауылымен қатар, «Ажар», «Байқожа» елді мекендері ғана «Ішімдіксіз ауыл» мәртебесіне ие екені айтты. Бұл көрсеткішті арттыру бойынша ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Аудан әкімі қала, кент, ауылдық округ әкімдеріне тұрғындар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын түсіндіру және «Ішімдіксіз ауыл» жобасын кеңінен насихаттау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыруды тапсырды.

Кеңейтілген мәжілісте күн тәртібіндегі екінші мәселе ретінде кәсіпкерлердің инвестициялық жобаларын жүзеге асыру барысында олардың құқықтарын қорғау және инвестициялық ахуалды жақсарту мәселесі қаралды.

Жиында прокуратура органдары тарапынан инвестициялық жобаларды прокурорлық сүйемелдеудің бірыңғай тәртібі енгізілгені, бұл инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, жобаларды іске асыру барысында кездесетін кедергілерді же-

дел шешуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Бүгінде Қазалы ауданы бойынша Бірыңғай жалпыұлттық жобалар пулының Ұлттық цифрлық инвестициялық платформасына жалпы құны 8,22 млрд. теңгені құрайтын 8 ірі инвестициялық жоба енгізілген.

Бұл мәселеге қатысты аудан басшысы аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларға тұрақты түрде сүйемелдеу жұмыстарын ұйымдастырып, мемлекеттік қолдау шараларының тиімді орындалуын қамтамасыз ету қажет екендігін айтты. Осыған сәйкес жауапты сала басшыларына әрбір жобаның іске асырылу барысын тұрақты бақылауда ұстап, туындайтын мәселелерді жедел шешу бағытында тиісті мекемелермен үйлесімді жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мәжілісті қортындылаған аудан әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және инвестициялық жобаларды сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарды барлық жауапты мекемелер бірлесе атқаруы қажеттігін атап өтті.

Жауапты бөлімдер мен мекеме басшыларына берілген тапсырмалардың сапалы орындалуын қамтамасыз етіп, әрбір көрсеткіш бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуді міндеттеді.

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ АЛДЫН АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫ ПЫСЫҚТАДЫ

Бүгінде өңірде «Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында шалғай елді мекендердегі өрт қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Өткен жылы аталған бағдарлама аясында «Ақсуат» ауылында өрт сөндіру бекеті ашылып, биыл маусым айында Жанқожа батыр ауылында өрт сөндіру бекеті пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, «Қызылқұм», «Майдакөл», «Аранды», «Майлыбас» ауылдық округтерінде арнайы өрт сөндіру автокөліктерімен және 7 штат бірлігімен қамтамасыз етілген өртке қарсы құрылымдар жұмыс істеуде.

Аудан әкімі Алмасбек Есмаханов «Қызылқұм», «Майдакөл», «Аранды», «Майлыбас» ауылдық округтеріндегі ауыл құтқарушыларына аудандық бюджет есебінен сатып алынған арнайы жауынгерлік киімдерді табыстады.

Бұдан кейін аудан әкімі Әйтеке би кентіндегі су



құбыры желісіндегі өрт сөндіру гидранттарының жай-күйін көрді. «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы» мекемесінің аудандық бөлімшесінің басшысына аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесіп аудан аумағындағы өрт сөндіру гидранттарының техникалық жай-күйіне тұрақты түрде тек-

серу жүргізуді және олардың кез келген уақытта жарамды күйде болуын қатаң бақылауда ұстауды тапсырды.

Аудан басшысы Қазалы қаласындағы №15 өрт сөндіру бөлімі мен «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінің» өртке қарсы техникаларының дайындығын

көрді.

Қазіргі таңда Қазалы қаласындағы №15 өрт сөндіру бөлімінде 2 арнайы техника және 22 өрт сөндіруші қызмет атқарады. Ал, «Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесінде» 2 ХТЗ-150 тракторы, 1 «Беларус» тракторы, 2 УАЗ автокөлігі, 3 өрт сөндіру автокөлігі бар. Алдағы уақытта мекеме тағы бір өрт сөндіру автокөлігімен толықтырылмақ.

Аудан әкімі өрт сөндіру мекемелері мен олардың материалдық-техникалық базасымен танысқаннан кейін аудандық төтенше жағдайлар бөлімі мен тиісті сала басшыларына аудан орталығы мен елді мекендерде, далалық аумақтарда өрт оқиғасы орын алған жағдайда барлық арнайы техниканың толық дайын болуы тиіс екенін қатаң ескертті.

Айта кетейік, 2025 жылы ауданда 32 өрт оқиғасы тіркеліп, 2026 жылдың 6 айында 15 өрт оқиғасы орын алған.

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

● Ардагерлер-абзал жандар

● Еске алу

ЕҢБЕККЕ АДАЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Еңбекке адалдықтың үлгісі – Құлниязова Ұрзада Қалқоразқызы. Әрбір ұжымның мерейін асырып, абыройын арттыратын, өз ісіне шынайы берілген жандар болады. Осындай ардақты азаматтардың бірі – Құлниязова Ұрзада Қалқоразқызы. Ол саналы ғұмырын ветеринариялық зертхана саласына арнап, 39 жыл ел игілігі үшін адал еңбек етіп, бүгінде құрметті зейнет демалысына шығып отыр.

Ұрзада Қалқоразқызы 1965 жылдың 10 қаңтарында Қызылорда облысы, Арал ауданы, «Қасқақұлан» елді мекенінде дүниеге келген. Әкесі Қалқораз, анасы Ақсұлу өмірлерін балық шаруашылығына арнаған еңбек адамдары болған. Ұрзада – көпбалалы отбасының тәрбиесін көріп өскен, сегіз баланың үшінші қызы. 1972 жылы отбасы Қазалы қаласына қоныс аударып, сол жылы мектеп табалдырығын аттайды. Мектеп қабырғасында білімге құштарлығымен, жауапкершілігімен ерекшеленіп, 1982 жылы орта мектепті ойдағыдай тәмамдайды. Білімін жалғастыру мақсатында 1984 жылы Қызылорда совхоз-техникумына оқуға түсіп, 1987 жылдың наурыз айында аталған оқу орнын сәтті аяқтайды. Сол жылдың наурыз айынан бастап Қазалы аудандық ветеринариялық бактериясының бактериологиялық зертханасының бактериология бөліміне зертханашы (лаборант) болып жұмысқа қабылданады. Жас маман еңбек жолының алғашқы күндерінен-ақ өзінің жауапкершілігімен, ұқыптылығымен және кәсіби біліктілігімен көзге түседі. Бір жылға жетпей-ақ еңбегі



жоғары бағаланып, Құрмет тақтасына есімі жазылды. Бұл оның кәсіби жолындағы алғашқы үлкен жетістіктерінің бірі болды. Зертханадағы жұмыс – үлкен жауапкершілік пен асқан дәлдікті талап ететін, халық арасында айтылатын «инемен құдық қазғандай» аса күрделі еңбек. Әсіресе 1987–1999 жылдары еліміздегі мал шаруашылығы негізінен мемлекеттік шаруашылықтардың қарамағында болған кезеңде, әрбір ауру немесе өлім-жітім жағдайында оның себебін мүмкіндігінше тез әрі нақты анықтау аса маңызды еді. Өйткені дер кезінде қойылған диагноз ғана індеттің басқа малға таралуының алдын алатын.

Ұрзада Қалқоразқызы өзінің терең білімі мен мол тәжірибесінің арқасында микроскопиялық зерттеу жүргізіп, қауіпті микроорганизмдерді дәл анықтай білді. Ол бактериологиялық және биологиялық зерттеу әдістерін шебер меңгеріп, нақты диагноз қою арқылы талай мал басын жұқпалы аурулардың тара-

луынан сақтап қалуға өз үлесін қосты. Оның кәсіби шеберлігі мен тиянақтылығы әріптестері тарапынан әрдайым жоғары бағаланды. Ұжымда ол тек білікті маман ғана емес, сондай-ақ адамгершілігі мол, қарапайым, әріптестеріне әрдайым қолдау көрсететін, жастарға бағыт-бағдар бере білетін тәлімгер ретінде танылды. Көптеген жас мамандар оның тәжірибесінен үйреніп, кәсіби жолдарын сенімді бастады. Ұрзада Қалқоразқызы 1990 жылы Нұралы есімді азаматпен шаңырақ көтеріп, өнегелі отбасының іргесін қалады. Олар үш қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Бүгінде ардақты ана ғана емес, үш немеренің сүйікті әжесі. Өкінішке қарай, өмірлік серігі Нұралы ағамыз 2025 жылы дүниеден озды. Соған қарамастан, ол өмірдің барлық сынағына сабырмен қарап, отбасы мен еңбегін қатар алып жүрді. Міне, бір салада 39 жыл үздіксіз әрі мінсіз қызмет атқарған Ұрзада Қалқоразқызы бүгінде абыроймен зейнет демалысына шығып отыр. Оның адал еңбегі, кәсібіне деген сүйіспеншілігі, жауапкершілігі мен қарапайымдылығы кейінгі буын мамандарға әрдайым үлгі болмақ.

Құрметті Ұрзада Қалқоразқызы! Сізді құрметті зейнет демалысына шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, ұзақ ғұмыр, отбасыңызға амандық, перзенттеріңіз бен немерелеріңіздің қызығын көріп, әрдайым шаттық пен берекенің ортасында жүруіңізге тілектеспіз. Еңбек жолында қалдырған өнегеңіз бен еселі еңбегіңіз ұжым жадында әрдайым сақталады. Сізге деген құрметіміз бен алғысымыз шексіз!

ҚР АШМ ВБЖҚК

Қазалы аудандық аумақтық
инспекциясы

КІШКЕНТАЙ ЖӘНДІКТІҢ ҮЛКЕН ҚАУПІ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГҚ) — иксод тұқымдас кенелер арқылы таралатын, аса қауіпті, өлімге әкелу қаупі жоғары вирустық жұқпалы ауру. Адамдарға бұл вирус кененің тікелей шағуы, малдарды кенеден қолмен тазарту, жүнін қырку кезінде және КҚГҚ-мен ауырған адамды күту барысында жұғады.

КҚГҚ ауруы жоғары өліммен сипатталады: кенелер тікелей шаққан және қиылған кенелердің қанымен жанасқан жағдайда (мал қырку кезінде) 10-нан 30%-ға дейін; КҚГҚ-мен ауырған науқастың қанымен жанасқан жағдайда-30-дан 70%-ға дейін.

Адамның жұқтыру көбінесе КҚГҚ вирусын жұқтырған кене шаққан кезде, адам денесінің ашық жерлеріне езілген кенелер түскен кезде (малды қырку кезінде), жануарларды мүшелеген кезде және КҚГҚ-мен ауырған науқастың қанымен және басқа да биологиялық бөліністерімен жанасқанда (күтім жасау және медициналық қызмет көрсету кезінде) орын алады.

Ауруды қоздырушы вирустың табиғат пен жануарлар арасында айналысқа түсуіне байланысты медицинада қазіргі таңда ауруды мүлде жойып жіберу мүмкін болмай отыр. Алдын алатын вакцина да жоқ. Дерттің алдын алудың жалғыз жолы — жеке қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау керек.

КҚГҚ-сы ауруының алдын алу шаралары:

1. Табиғатқа шыққан кездегі сақтық шаралары, денені барынша жабатын ашық түсті киім киіңіз,

жейденің жеңі ұзын және резеңкелі болғаны дұрыс, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салып алған дұрыс, үстіңді жарты сағат сайын тексеріп отыру керек. Үйге келген соң денені әсіресе шаш арасын, құлақ артын жұмсақ жерлерді мұқият тексеріңіз.

2. Ауыл шаруашылығы малын бағудағы сақтық шаралары, ауылдық жерде мал қырку, мал сою немесе оларды кенеден тазарту кезінде міндетті түрде қалың резеңке қолғап кию керек. Кенені ешқашан жалаң қолмен жаншуға немесе сығып өлтіруге болмайды — вирус терідегі көзге көрінбейтін сызаттар арқылы қанға тез өтіп кетуі мүмкін.

3. Адамнан адамға жұғу қауіпін азайту шаралары, оған науқаспен қатынаста болған жеке адамдардың және медицина қызметкерлері тарапынан жұтырмау шараларын қарастыру, жеке басының гигиенасын сақтау керек.

Егер денеңізден кене тапсаңыз, оны жұлып алмай, дереу жақын маңдағы медициналық мекемеге (емханаға немесе ауруханаға) жүгініңіз.

Сақтансаңыз аурудың алдын ала аласыз, өз денсаулығыңызға жауапкершілікпен қараңыз!

Азиза ҚОСЫМОВА,
«Ұлттық сараптама орталығы»
Қызылорда облысы
бойынша филиалының
Қазалы аудандық бөлімшесінің
зертхана меңгерушісі

15 шілде
Қ а з а қ с т а н
Республикасының
Мемлекет және
қоғам қайраткері
Д ә у і р х а н
Айдаровтың туған
күні.

Ағын су жайлап
аққан елге жайлы,

Ер жігіт кейде
малсыз, кейде мал-
ды.

Б ұ р ы н ғ ы
қариялардан қалған
нақыл,

Қазанат болған
дейді майда жалды.

Еске алсам асыл
ағам Дәуірханды,

Шат болсын көкте
қонған әруағы.

«Майдакөлден»
ұшады жас бала-
пан,

Алатауға қыран
болып қонақтайды.

Шыққан тегі ба-
бамыз Пұсырманды,

Н а ғ а ш ы с ы
М ә м е т е к т е

Найзағұлды.

Билік жасап қақ
жарып қара қылды,

Халқына келген
жауды ысырғанды.

Коммунизм алға
қойған ел мұраты,

Туған елге қызмет
ету бар арманы.

Заман басқа ол
кезде, мақсат басқа,

Партияның ЦҚ-
сынан мандат

алды.

Талай мәрте
тағдыр оны сынға

алады,

Шыңдалады, сын-
байды, арды ойла-
ды.

Орталық комитет
пен Обкомында,

Б а с ш ы л ы қ т ы
отыз жылдай

атқарады.

Қатар қонған ба-
сына бақыт, бағы,

Рәш жеңгем
өмірлік болды жары.

Бір ұл менен алты
қызы өмірге кеп,

Аға, жеңгем
жұлдызы мәңгі жан-
ды.

Алмас қылыш
ешқашан даттан-
байды,

Саф алтын-
дай сақталған

жарқырайды.

Тоқсан жылдық
мерейлі жасын той-
лап,

Көше берген
мәңгі есімін ел

сақтайды.

Халқы әрқашан
туған ұлын

ардақтайды.

Сәндібай
ЖАНСҰЛТАН,

Әйтеке би кенті

САПАЛЫ ТАУАРДЫ АЙЫРБАСТАУ ЖОЛДАРЫ

Сатушы мен сатып алушы арасындағы қарым-қатынас әрқашан көптеген пікірталастардың тақырыбы болды. Тәжірибе көрсеткендей, бөлшек сауда және қызмет көрсету салаларында «клиент әрқашан дұрыс» деген алтын ереже әрқашан орындала бермейді. Осы күнге дейін сатып алуды айырбастауға және қайтаруға қатысты мәселелер сатып алушылар үшін де, сатушылар үшін де ең өзекті болып қала береді. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңында әртүрлі жағдайларда сатып алушылардың құқықтары нақты көрсетілгенімен, көптеген сатушылар бас тартуының көптеген себептерін алға тартып, сатылған тауарларды айырбастауға немесе ақшаны қайтаруға құлықсыз. Сонымен, сатып алушының қандай құқықтары бар?

Көптеген сауда нүктелеріндегі белгілер тауардың қайтарылмайтыны және айырбасталмайтыны туралы қатаң ескертулер береді. Меншік иелерінің сатылған затты ауыстырудан немесе оның құнын қайтарудан бас тартуы заңды ма? Сөзсіз, жоқ. Өнімнің қай жерден сатып алынғанына қарамастан — базарда немесе дүкенде — Қазақстандағы тұтынушылар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен сенімді қорғалатынын есте ұстаған жөн. Осы заңға сәйкес сатушы сапалы немесе сапасыз тауарды айырбастауды немесе қайтаруды ұйымдастыруға міндетті (Заңның 24-бабының 5-тармағы). Тұтынушылардың құқықтарын бұзудың жиі кездесетін жағдайлары тауарларды қайтару немесе айырбастау кезінде орын алады; Атап айтқанда, ақауы бар өнімді қайтару немесе айырбастау қиынырақ. Заңның 30-бабының 1-тармағына сәйкес сатып алушы сатып алынған сапасы қанағаттанарлық азық-түлік емес тауарды — қандай да бір себептермен олардың қажеттіліктеріне сәйкес келмейтін немесе қажетті қасиеттері жоқ тауарды — сатып алынған күннен бастап күнтізбелік 14 күн ішінде көлемі, пішіні, өлшемдері, стилі, түсі немесе конфигурациясы

бойынша ерекшеленетін ұқсас тауарға айырбастауға құқылы. Келісім-шартта ұзағырақ мерзім белгіленбесе, егер ұқсас зат (мысалы, киім немесе аяқ киім) айырбастау кезінде сату үшін болмаса, тұтынушы қол жетімді ассортименттен басқа тауарларды (бағасын сәйкес түзетумен) сатып алуға немесе заттың құнын қайтаруға немесе оны ұқсас тауарға айырбастауға құқылы. Айырбастаудың немесе қайтарудың міндетті шарттары: сатылған зат пайдаланылмаған болуы керек; оның сыртқы түрі мен тұтынушылық қасиеттері кез келген пломбалармен және зауыттық белгілермен бірге сақталуы керек; нақты сатушыдан сатып алуды растайтын құжат болуы керек (кассалық чек немесе сату түбіртегі); және зат айырбастаудан шығарылған тауарлар тізіміне енгізілмеуі керек.

Заңнама бойынша айырбастауға жатпайтын тауарлар:

- 1) дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды;
- 2) іш киімді;
- 3) шұлық-ұйық бұйымдары;
- 4) жануарлар мен өсімдіктер;
- 5) метрлеп сатылатын тауарлар (талшықты маталардың барлық түрі, трикотажды және және перделік мата, жасанды тері, кілем бұйымдары, тоқыма емес маталар, ленталар, шілтерлер, кестелер, сымдар, баулар, кабельдер, линолеум, багет, пленка мен клеенка);
- 6) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын қоспағанда, егер тиісті сападағы азық-түлікті емес тауар пайдаланылмаса, оның тауарлық түрі, тұтынушылық қасиеттері, пломбалары, заттаңбалары, сондай-ақ тауарды сатып алу фактісін растайтын құжат сақталса, егер шартта неғұрлым ұзақ мерзім белгіленбесе, тауар сатып алынған күннен бастап күнтізбелік он төрт күн ішінде сатушы (дайындаушы) оны айырбастауды немесе қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

**Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігінің
Қызылорда облысы бойынша
сауда және тұтынушылардың
құқықтарын қорғау
департаменті**

СПОСОБЫ ЗАМЕНЫ КАЧЕСТВЕННОГО ТОВАРА

Отношения между продавцом и покупателем всегда вызывали много споров. Как показывает практика, в сфере торговли и услуг далеко не всегда работает золотое правило «Клиент всегда прав». До сих пор наиболее актуальными и среди покупателей, и среди продавцов являются проблемы, связанные с обменом и возвратом покупок. Несмотря на то, что действующий Закон РК «О защите прав потребителей» четко оговаривает права покупателей в различных ситуациях, многие продавцы не спешат обменивать проданный товар или возвращать за него деньги, аргументируя свой отказ множеством различных причин. Так на что же реально имеет право покупатель?

О том, что «товар возврату и обмену не подлежит», грозно предупреждают надписи во многих торговых точках. Является ли правоммерным отказ их владельцев заменить проданное или вернуть его стоимость? Однозначно - нет. Независимо от того, где был приобретен товар, на рынке или в магазине, надо помнить, что казахстанские потребители под надежной защитой Закона РК «О защите прав потребителей». На основании этого закона продавец обязан обеспечить обмен или возврат товара как надлежащего, так и ненадлежащего качества (пункт 5 статьи 24 Закона).

Самые распространенные случаи нарушений прав потребителей происходит в процессе возврата или обмена товара, причём сложнее вернуть или заменить качественный товар, чем некачественный. Согласно пункту 1 статьи 30 Закона, покупатель может обменять приобретенный непродовольственный товар надлежащего качества, но по каким-то причинам не удовлетворяющий его потребности или не обладающий необходимыми свойствами

на аналогичный товар другого размера, формы, габарита, фасона, расцветки, комплектации в течение 14-ти календарных дней со дня приобретения товара. В том случае, если более длительный срок не установлен договором. Если аналогичный товар (например, одежда или обувь) на момент обмена отсутствует в продаже, потребитель имеет полное право приобрести другие товары из имеющегося ассортимента с соответствующим перерасчётом стоимости, либо получить обратно стоимость товара или обменять его на аналогичный. Обязательные условия обмена или возврата: проданный товар не должен быть в употреблении, сохранены его внешний вид, потребительские свойства, пломбы, фабричные ярлыки, имеется документ, подтверждающий факт приобретения товара у конкретно продавца (кассовый или товарный чек), и товар не входит в перечень товаров, не подлежащих обмену.

По законодательству исключения составляют:

- 1) лекарственные средства, изделия медицинского назначения;
- 2) нательное бельё;
- 3) чулочно-носочные изделия;
- 4) животные и растения;
- 5) метражные товары, (ткани из волокон всех видов, трикотажное и гардинное полотно, искусственный мех, ковровые изделия, нетканые материалы, ленты, кружева, тесьма, провода, шнуры, кабели, линолеум, багет, плёнка, клеёнка).
- 6) абонентского устройства сотовой связи.

В случае если документ, подтверждающий факт приобретения товара, был утерян или по каким-либо причинам не выдан потребителю, то обмен или возврат товара должен быть произведен, если потребитель докажет факт покупки у данного продавца (изготовителя).

● Көңіл айту

Қазалы ауданының әкімдігі, аудандық және ауданнан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары, аудандық қоғамдық кеңес және ардагерлер кеңесі Қазалы ауданының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, денсаулық сақтау саласының ардагері Құбыл Ршымбетовтың інісі

РШЫМБЕТОВ ҚУАНЫШ РШЫМБЕТҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Марқұмның топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы газетіміздің жанашыры, Қазалы ауданының құрметті азаматы, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі, «Қазалы теміржол ауруханасының» атқарушы директоры Құбыл Ршымбетовке інісі

РШЫМБЕТОВ ҚУАНЫШ РШЫМБЕТҰЛЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru

Таралымы 11707 дана.